

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ



«Педагогикалық кеңесте қаралды»
мектеп әдіскері Ш.Б. Жулаева
«...» ... *май* ... 2024 жыл



БАҒДАРЛАМА
«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ»

Құрастырған: Тлепова Г.Б.

2024-2025 о.ж

Түсінік хат

Бағдарламаны әзірлеуге негіздеме (Стандарт талаптары негізінде) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде, ортаңғы топқа арналған вариативтік бөлім «Ертегі ғажайып әлем» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөздік қорын дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан ортаңғы топ тәрбиенушілері үшін вариативтік бөлімге ертегілер алынды. Жалпы жоспар бойынша балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты, қазақы салт дәстүрді насихаттайтын, хайуанаттар, достық, табиғат, жақсылық пен жамандық тақырыбындағы қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, жайындағы ертегілер алынды. Бұл жерде балалар ертегіні тек тыңдап қана қоймай, өздері де сахналайды, тамашалайды, өзара диалог құрады. Ертегі мазмұнын кері байланыс жасау арқылы педагогқа түсінігін барынша айтып береді. Сондай-ақ балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022ж 3 тамыздағы № 388 бұйрығымен бекітілген)

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген)

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022ж 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген)

ОӘК –ге:

-әдістемелік құрал;

-үлестірмелі материалдар кіреді;

Әдістемелік құралда бір жылға арналған перспективалық жоспар және ұйымдастырылған іс -әрекетіне арналған кіріктірілген үлгі жоспарлар берілген. қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Мақсаты:

Балаларды ертегіні сахналау шеберлігіне, рөлдерді орындауда икемділікке, шынайлыққа, бірлесіп әрекет етуге дағдыландыру арқылы сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Міндеттері:

Ертегі мазмұнын түсіндіру, сезіндіру. Жақсы-жаман, жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге тәрбиелеу. Ертегі мазмұнын айтуда дауыс ырғағын кейіпкер рөліне сай құбылту дағдысына машықтандыру

Бағдарламаның өзектілігі

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Бұл мектепке дейінгі білім беру мәселесінің алдында тұрған ортақ міндет. Сол міндеттерді шешуге «Ертегілер елінде» бағдарламасының алатын орны ерекше.

Педагогикалық мақсаттылығы:

Түрлі ертегілерді сахналау барысында балалардың тілдік қабілеттерін арттыру, рөлдерге бөлініп ертегі кейіпкелерін сомдау, құрдастарымен диалогке түсу, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Кейіпкерлердің рөлін орындауда дауыс ырғағын кейіпкерге сай өзгертуде икемділік танытады;
- Ертегіні баяндағанда ақырына дейін тыңдап, ертегі мазмұнына ықылас қою дағдысы қалыптасқан;
- Өз ойын, ертегі мазмұнын толықтай, анық түрде мимикамен де ауызша да жеткізе алады;
- Өзін батыр, мықты, жеңімпаз сезініп, өз-өзіне деген сенімділік қалыптасады.

Авторлық бағдарламаны әдістемелік және техникалық жарактандыру

№	Білім беру процесін ұйымдастыру тәсілдері мен әдістері	Дидактикалық материалдар	Техникалық жабдыкталуы	Қорытынды
1	«Алтын сақа» Сұрақ – жауап, көрнекілік әдісі. Д/О: «Болады, болмайды» Тіл ұстарту жаттығуы. Сергіту сәті.	Көрнекілік құралдар: Суреттер, бейнероликтер.	Проектор	Балалар белсенділік танытады, ересектерге сұрақтар қояды, ұжымда құрдастарымен жұмыс істей алады.
2	«Айтшы әжетай» Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Д/ойын «Кім жоқ?»	Интерактивті тақта, слайдтар, сызба, суреттер.	Проектор	Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айтады. Өзінің эмоциялық жағдайын сөзбен жеткізеді.
3	«Қызыл телпек» ертегісі Үстел үсті театры: «Бауырсақ» ертегісі Тіл ұстарту жаттығулары.	Интерактивті тақта, орман, орманды мекендеген аңдар, ағаштар.		Балалардың сөздік қорын байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.
4	«Тоты құс пен әтеш» Сұрақ-жауап, слайд көрсету, жұмбақ жасыру, түсіндіру. Сергіту жаттығуы. Қ/О: «Ұшты ұшты»	Әтеш пен тоты суреті, қуыршақ театры слайд, плакат, үлестірмелі материалдар.	Проектор	Ертегінің мазмұнын түсінеді, құстар жайлы мағлұматты үйренеді және суретпен жұмыс жасайды.
5	«Қожанасыр мен бай» Мультсериал, психологиялық жаттығу, сиқырлы хат, жұмбақтар, мақал - мәтелдер, такпақтар, сергіту сәт, сахналау.	Суреттер, шарлар, гүлдер, жұмсақ ойыншықтар.		Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттері дамиды, сөздік қорлары артады.
6	«Шалқан» ертегісі Сұрақ-жауап, слайд көрсету, түсіндіру. Д/О: «Ненің құйрығы?» Сергіту сәті	Көкөністер суреті, шалқан ертегісінің кейіпкерлері.		Қиылған дайын ертегі кейіпкерлерін ертегі желісі бойынша орналастырады, берілген тапсырманы орындайды.
7	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі Д/О: «Қай құс қайда мекендейді?» Достық туралы мақал – мәтелдер. Тапсырма: Қарлығаштың суретін бояу.	Үн таспа, құстардың суреті, ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.		Ертегіні сахналау арқылы, такпақ – өлеңдерді қайталап айтады, қойылған сұрақтарға жауап береді.
8	«Өрмекші» әңгіме Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, такпақ, ж	«Өрмекші», құмырсқа,	Ноутбук	Еңбек туралы мақалдар айтады,

	жұмбақ. Билингвалды компонент: өрмекші-паук.	қарлығаш» ертегісі), ноутбук, жәндіктер мен жабайы құстардың суреттері		жұмбақтар шеше біледі, жәндіктер мен құстардың суреттерін топтастырады.
9	«Ит адамның досы» әңгіме Тосын сәт (Ақтөстің келуі) Билингвалды компонент Үлестірмелі материалмен жұмыс Әуенді сергіту жаттығуы	Иттің суреттері слайд, үлестірмелі материалдар, бейнет аспа.	Проектор	Балаларды үлкен және кішкентай заттарды көрсете біледі, сөздерді дұрыс айтады, ұсақ қол моторикасын жетілдіреді.
10	«Алма» ертегісі көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап. Ғажайып сәт. Д/О: «Жасырынған алманы тап» Ойын: «Суреттерді құрастыр»	Тақырыпқа сай суреттер, алма ағашы, қарға, аю, қоян, кірпі.		Ертегі кейіпкерлерін атай алады, ертегі мазмұнын түсінеді, дос сөзінің мағынасын түсінеді.
11	«Қарлығашың құйрығы неге айыр?» Достық шеңберін ұйымдастыру. Дидактикалық ойын: «Жәндіктер»	<u>Қарлығаштың,</u> <u>түлкінің, масаның,</u> <u>айдаһардың</u> <u>суреттері.</u>		Қарлығаш қандай құс екенін оның түсін анықтай алады, ертегінің мазмұнын түсініп тыңдайды.
12	«Ағаштар неге ашуланады?» Шаттық шеңбері, слайдтардан суреттер көрсету, жұмбақ жасыру, әңгімелесу, дидактикалық ойындар, сурет салу. Д/О: «Жақсы мен жаман»	Көктем мезгілінің суреттері, орман ағаштарының суреттері, сурет салуға арналған құралдар.		Әңгіменің мазмұнын түсінеді, ағаштарды ң адам өміріне пайдасы бар екенін түсінді. Табиғатты қорғау керек екенін біледі.
13	«Түлкі мен қасқыр» ертегісі Сұрақ – жауап, көрнекілік әдісі. Д/О: «Қасқыр, түлкі және әтештің жолын тап» Д/О: «Ненің даусы?»	Ертегі мазмұнына сәйкес салынған сурет, слайд.		Ойын шартын сақтап ойнай біледі, ертегінің сахналауға талпынады.
14	«Аяз ата» ертегісін жандандыру Әңгімелесу, сұрақ-жауап, ертегі сахналау. Шығармашылық жұмыс: «Мен жақсы көретін Аққала» «Аяз ата» әнін орындату.	Қыс мезгілі туралы суреттер, Жаңа жыл мерекесі туралы слайд, маскалар		Аяз атаның жаңа жыл мерекесінде келетінін біледі, сыйлықтар әкелетінін түсінеді. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтады.

15	«Түлкі мен тырна» Ертегі кейіпкерлерін сахналау, слайд арқылы көрсету, түсіндіру. Таңғажайып сәт. Дидактикалық ойын: «Не артық?»	Түлкі ,тырна суреттері, видео «Түлкі мен тырна».		Ертегі мазмұнын түсініп тыңдайды.кейіпкерлердің дұрыс емес қылықтарын айта біледі.Достық сөзін түсініп, бір-біріне қамқор болу керектігін түсінді.
16	«Үйшік» ертегісі Шаттық шеңбер, тосын сый, сұрақ-жауап. Д/О: «Шешуін тап» Д/О: «Қайда мекендейді?»	Тышқан, бақа, түлкі, қоян, аю суреттері және үйшік.		Ертегі кейіпкерлерін тани біледі, сахналау арқылы мазмұнын игерді.
17	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» Сұрақ жауап, көрнекілік әдісі. Сергіту сәті. Д/О: «Кім жылдам?»	Ертегі мультфильмі, мультимедиа, кубик, жануарлар атрибуттары, суреттер, шарлар.		Жыл аттарын ретімен атауды үйренеді, ертегі мазмұнын түсініп, суреттер бойынша әңгімелейді.
18	«Қаңтар мен ақпан» Түсіндіру, әңгімелеу, ойын, таңғажайып сәт, сұрақ-жауап, сергіту жаттығулары, жұмбақтар шешу. Билингвальды компонент. Қ/О: «Қар жинау»	Бейнеэкран, қыс мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген суреттер, ойынға қажетті құралдар: қолдан жасалған қар мүсіндері		Ертегі мазмұнын түсініп тыңдайды. кейіпкерлердің дұрыс емес қылықтарын айта біледі. Достық сөзін түсініп, бір-біріне қамқор болу керектігін түсінді.
19	«Қолғап» Көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап. Д/О: «Сыңарын тап» Қ/О: «Қолғаптар»	Слайд арқылы көрсету. Үлестірмелі материалдар. Суреттер. Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.		Ертегі кейіпкерлерінің атын атайды, таниды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс жасай біледі.
20	«Екі әтеш» Әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын, көрнекілік, шаттық шеңбер. Д/О: «Үй құстарын ата» Көңілді би: «Шөжелерім»	Ертегі мазмұнына сәйкес суреттер, үй құстарының суреттері.		Қойылған сұрақтарға жауап береді, үй құстарының аттарын айтады, би қимылдарын орындайды.
21	«Төлдер айтысы» Сұрақ - жауап, әңгімелеу, көрсету. Д/О: «Төлін тап» Д/О: «Төлдерді дауысынан таны»	Үй жануарлары және төлдерінің суреттері, аудиожазба.		Үй жануарларының аттарын және төлдерін атайды. Үй жануарларына қамқор болу керектігін біледі, бірлесіп ойнай алады.
22	«Күшік пен мысық» Түсіндіру, әңгімелеу, ойын. Д/О: «Ертегі кейіпкерлерін тауып	Күшік пен мысықтың құрастырма		Ертегі кейіпкерлерінің атын

	олардың жүрісін сал»	суреті, атрибуттар.		атайды, таниды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс жасай біледі.
23	«Қайырымды қоян» Сұрақ-жауап, жұмбақтар шешу, тақпақтар, сергіту сәті. Ұжымдық жұмыс: «Ұзын құлақ сұр қоян»	Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттері.		Қоянның жабайы жануар екенін біледі, қайырымдылық жақсы қасиеттер екенін түсінді.
24	«Алтын балық» Амандасу сәті, жұмбақ, сұрақ-жауап, жаңа тақырып, ертегіні тамашалау, ертегіні талдау, сергіту сәті, ғажап сәт Д/О: «Қайда мекендейді?»	Слайд, алтын балық суреті		Балықтың суда мекедейтінін біледі, Жұмбақтарды шешуге талпынады, сергіту сәтін қимылымен орындайды.
25	«Жаман мен жақсы» әңгіме Әңгімелесу, сұрақ – жауап, суретпен жұмыс, ойын. «Не деу керек?» өлеңін айту.	Жақсы бала мен жаман баланың іс әрекеттері туралы суреттер, слайд		Балалар «жақсы және жаман» әдеттерді ажырата біледі, жаман әдеттерден аулақ болу керектігін түсінді.
26	«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» Сергіту сәті: «Көңілді күн» Достық шеңберін ұйымдастыру. Дидактикалық ойын: «Жәндіктер» Саусак жаттығуы: «Өрмекшілер»	Ертегі мазмұнына сәйкес салынған сурет, слайд.		Өрмекші мен құмырсқаның жәндікке жататынын біледі, ертегі мазмұнына сай суреттерге назар аударып қарайды.
27	«Үш аю» ертегісі Көрсету, түсіндіру, үйрету, сұрақ - жауап. Сергіту сәті: «Ормандағы аю»	Үйшік, орман, талдар, орындық, маскалар		Рөлдерге бөлініп ертегі сахналауға талпынады, бір – бірімен диалогке түсе алады.
28	«Не дәмді» ертегісі Д/О: «Бұл не?» Тіл ұстарту жаттығуы. Сергіту сәті.	Жануарлардың маскасы, қоржында көкөністер мен жемістердің муляждары		Жемістердің көкөністерден айырмашылығын айтады, көкөністер мен жемістерді ажыратады;
29	«Күшік пен мысық» Түсіндіру, әңгімелеу, ойын. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып олардың жүрісін сал»	Күшік пен мысықтың құрастырма суреті, атрибуттар		Жануарлардың дауыс ырғағын келтіріп, олардың жүрістерін сала білу біледі.
30	«Қызыл телпек» ертегісі Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ қою, жауап алу. Д/О: «Қай жол қысқа?»	Ертегінің мазмұнына байланысты суреттер.		Ертегінің мазмұнын толық біледі, сахналай алады.

31	«Он екі ай» ертегісі Түсіндіру, сұрақ жауап. Қ/О: «Кім тез бояйды?»	Суреттер, плакаттар		Жыл аттарын тапысып, ертегі кейіпкерлерінің жүрісін, қимылын, дауысын бейнелеуге талпынады.
32	«Жеті лақ» ертегісі Амандасу, сұрақ-жауап. Қызықты сәт. Тақпақ: «Шөре, шөре»	«Жеті лақ» ертегісінің кітабы, ертегі кейіпкерлерінің суреттер, ешкі, қасқыр ойыншықтар.		Ертегінің мазмұнын түсініп, жан – жануарлардың аттарын атайды. Шығарманы зейін қойып тыңдайды.
33	«Алдар көсе мен бай» Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ертегіні рөлге бөліп көрсету. Д/О: «Атауын тап»	Атрибуттар, ертегі кейіпкерлерінің суреттері		Шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдайды, жаман және жақсы қасиеттерді ажыратады.
34	«Шалқан» ертегісі Тосын сәт, психологиялық жаттығу, сикырлы хат, жұмбақтар, мақал - мәтелдер, тақпақтар, сергіту сәт, сахналау.	Суреттер, слайд		Рольдерге бөлініп ертегі сахналауға талпынады, бір – бірімен диалогке түсе алады.
35	«Екі қаз бір бақа» Ертегіні оқып, тыңдау. Сергіту сәті: «Бақа, бақа, балпақ» Қ/О: «Ұшты - ұшты»	Ертегінің мазмұнына байланысты суреттер.		Ертегінің мазмұнын түсінеді, жақсылық жасауды біледі, үй құстары мен жабайы құстарды ажырата алады.
36	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі Амандасу, сұрақ-жауап. Қызықты сәт. Қ/О: «Маысық пен тышқан»	Плакаттар, ұлттық киімдер, қамшы, сақа, асықтар.		Балалар ертегі мазмұнын түсінеді, онымен ойнауға болатынын біледі. Қимылдық ойынды айналай алады.

Тақырыптық жоспар

Р/С	Тақырыбы	Бағдарламалық міндеттер	Бағдарламаны іске асыру нысандары	Бағдарламаны іске асыру әдістері	Өткізу мерзімі
1	Бауырсақтың саяхаты.	Балалардың қазақ тілге деген қызығушылығын арттырып, ойын әдісі арқылы мемлекеттік тілді үйрете білу. Балаларды жабайы аңдармен таныстырып, олардың мінездері туралы сипаттай білу. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа және кез-келген тапсырманы жауапкершілікпен атқаруға, көмек бере білуге тәрбиелеу	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
2	«Жеті дақ»	Ертегіні тыңдайды, Үстел үсті театр арқылы ертегіні сахналайды. Жақсы жаман кейіпкерлерді атайды.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
3	«Қызыл телпек» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерін таниды, рөлдерге бөлініп сахналай біледі. Жағымды, жағымсыз қасиеттерді айырады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
4	«Тоты құс пен әтеш»	Тоты құс пен әтешті суретіне карап таниды, қойылған сұрақтарға жауап береді. Құстарға қамқор болу керектігін ұғынды.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс Қ/О: «Ұшты ұшты»	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
5	«Қожанасыр мен бай»	Ертегі мазмұнымен танысады. Өзінің досы туралы сұрақ қою арқылы әңгімелей алады, топтағы балаларды атымен атайды біледі.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
		Сурет бойынша ертегіні тануға дағдыланады. Ертегіні қызығушылықпен сахналауға тырысады.			
6	«Шалқан» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерін таниды, шалқанның көкөніске жататынын біледі. Достық, қамқорлық ұғымдарын түсінеді.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
7	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	Сурет бойынша ертегі кейіпкерлерімен танысады, қағаз қиындыларынан қарлығаштың суретін құрастыра біледі.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
8	«Ит адамның досы» әңгіме	Иттің үй жануары екенін, ит адамның досы екенін біледі. Достық, қамқорлық ұғымдарын түсінеді.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	

9	«Алма» ертегісі	Ертегіні тыңдай отырып, мазмұнын түсінеді. Қойылған сұрақтарға жауап бере біледі, рөлдерге бөлініп сахналай білуге талпынады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
10	«Қарлығашың құйрығы неге айыр?»	Халық ертегілеріне деген қызығушылықтары артады, ертегі арқылы жақсы мен жаман қасиеттерді айыра біледі.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
11	«Ағаштар неге ашуланады?»	Ертегі мазмұнымен таныса отырып, ағаштарды сындырмау, оларға күтім керектігін түсінді. Сөйлеу арқылы тілдік қабілеттері артты.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, Әңгімелесу сахналау.	
12	«Түлкі мен қасқыр» ертегісі	Жабайы аңдар жайлы хабардар болды, аңдарға мінездеме бере біледі, суретке қарап аңдарды ажыратады. Ертегіден түсінгендерін 2-3 сөзбен айтады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу,	
13	«Аяз ата» ертегісін жандандыру	Аяз атаның қай мерекенің қонағы екенін және қай мезгілде өтетінін айтады. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін ажырата алады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
14	«Түлкі мен тырна»	Ертегі мультсериалдан қарайды. Тәрбиешімен бірге ертегіні сұраққа жауап беру арқылы әңгімелейді.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу,	
		Суретке қарап ертегі кейіпкерлерін таниды, аттарын атайды. Оқу қызметіндегі тапсырмаларды орындайды, қызығушылық танытады.			
15	«Үйшік» ертегісі	Ертегі желісін сурет бойынша әңгімелей алады, кейіпкерлердің қимыл іс – әрекеттерін сахналау барысында жасай біледі. Татулық, достық сезімдері артады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
16	«Жыл басына таласқан хайуанаттар»	Ертегі мазмұнымен танысады. Кейіпкерлерді атын атауға тырысады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу	
		Ертегіні айта отырып рөлмен ойнау, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге,		сахналау.	

		ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін дамытып, байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.			
17	«Қолғап»	Кейіпкерлерге қызығушылық танытады, ертегімен танысып жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажыратады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
		Рөлдерге бөлініп сахналай отырып, ой қиялдарын арттырады.			
18	«Екі әтеш»	Ертегіні тыңдап мазмұнын түсінеді, әтештің жағымсыз қылықтарын 2-3 сөзбен айта алады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу,	
19	«Төлдер айтысы»	Үй жануарлары туралы түсінікке не, төрт түлік мал төлдерінің атауларын айтады және адамдарға қандай пайдасы бар екенін біледі. Үй жануарларына қамқор болу керектігін түсінеді.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
		«Төлдер айтысы» ертегісін суретке қарап естеріне түсіреді. Төлдердің дыбысын салады. Сахналайды.			
20	«Күшік пен мысық»	Балалар ертегіні рөлдерге бөліп айтуға, сөздерді буынға бөлуге дағдыланады. Жануарлардың дауыс ырғағын келтіріп, олардың жүрістерін сала біледі.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
21	«Қайырымды қоян»	Ертегі желісін сурет бойынша әңгімелеу арқылы, балалардың сөздік қабілеттері артады. Сергіту сәттерін қимылдарымен орындайды, қимылдық ойындарды еркін ойнай алады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
22	«Алтын балық»	Балалар балықтың суда мекендейтінін біледі, ертегі мазмұнын түсініп, қызығушылық танытады. Балықтың ерекшелігі мен ертегі желісіндегі кейіпкердің жақсы, жаман қасиеттерін ажырата біледі.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	

23	«Жаман мен жақсы» әңгіме	Әңгімені тыңдау арқылы күнделікті өмірде бойына сіңірген жақсы әдеттерді пайдаланып, адамдарға мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық, жақсылық жасай алуы керек екенін ұғынды. Жақсы мен жаманды ажыратады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу,	
24	«Үш аю» ертегісі	Ертегі мазмұнын түсінеді, кесте арқылы ертегіні мазмұндайды. Жағымды кейіпкерлерді атай біледі.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
25	«Не дәмді» ертегісі	Ненің дәмді екенін ажыратады, дәмінің айырмашылығын, пішінін айта біледі. Көкөністер мен жемістерді ажыратады; Тез ойланып, тез жауап беруге талпынады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
26	«Күшік пен мысық»	Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін молайтады, өздерімен бірге тұратын үй жануарларының жағдайын бақылып әңгімелейді. Табиғатта қауіпсіз жүріс-тұрыстың қарапайым дағдыларын игереді.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу,	
27	«Қызыл телпек» ертегісі	Балалар «Қызыл телпек» ертегісінің мазмұнымен танысады. Балалар кейіпкерлердің мінез-құлқын түсінеді, ерекшелігін ажыратады. Балалар «Қызыл телпек» ертегісін сағналай алады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу, сахналау.	
28	«Алдар көсе мен бай»	Көркем шығарманың мазмұның зейін қойып тыңдайды, халық ауыз әдебиетінің туындыларын тыңдауға қызығушылықтарын арттырады. Қойылған сұрақтарға жауап бере біледі.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу,	
		«Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналайды. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын салуға тырысады		сахналау.	

29	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Шығарма мағынасын түсініп, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалайды, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама бере білуге талпынады.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Сұрақ жауап, әңгімелесу	
		Ертегіні сахналауға талпынады. Көркем сөйлеу қабілеттері артады.		сахналау.	

Пайдалынган әдебиеттер тізімі:

1. Көркем әдебиет, әдістемелік құрал «Аруна» баспасы
2. Воспитание и обучение в средней группе детского сада. Программа и методические рекомендации /сост.М. Б. Зацпина-М.: Мозаика-Синтез,2008-192с.
3. «Ертегі сыр шертеді» балаларға арналған ертегілер жиынтығы.
4. «Отбасы және балабақша» журнал,2010-2014ж.
5. Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі, № 1,2 2014ж.
6. «Зерек бала» мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламыс. Астана,2019ж.
7. Үй жануарлары Ж.Қалжанова Аруна, баспасы
8. Отбасы және балабақша Журнал
9. Ерте,ерте,ертеде Журнал Педагогика пресс
10. Балдырған Журнал Алматы, 2000ж